

Спортты серік еткен саңлақ Серік

Спорт – салауаттылық кепілі, денсаулық тірегі. Әдетте кез-келген тұлға спортпен шұғылдана береді, бірақ шын спортшы болу - әр адамның қолынан келе бермейді. Өйткені, спорт өнерінде қайсар мінез, күш-жігерді, төзімділікті үйлестіре білген адам ғана

оқырмандары ағаларына өз өнерлерін көрсетіп, әннен шашу шашып, мың бұрала билеп, спорт жайлы өлең жолдарын оқыды. Отбасы, балалық шағы, спортқа келу жолы турасында сан алуан сұрақтар қойылып, қызықты оқиғаларымен, алға қойған арман -



айналысып, биік шыңдарға жетеді. 15 тамыз - Спорт күні. Осыған орай, өсіп келе жатқан жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, елін-жерін сүю, өз өлкемізден шыққан жандар жайлы білу, тану мақсатында Спорт күні қарсаңында жерлесіміз, Жараспай топырағынан түлеп ұшқан, спорт әлемінде өзіндік орны бар, жуырда ғана Ташкент қаласында өткен әлем чемпионатында оқ бойы озық болып, ел мерейін асқақтатқан Абилов Серік Байтұрғанұлымен рухани қара шаңырақ - кітапханада «Спортты серік еткен саңлақ Серік» атты спортшы бенифисі болып өтті.

Серік Байтұрғанұлы 1989 жылы 2 желтоқсанда Жаркент қаласында дүниеге келген. Балалық шағын Нұра ауданы Жараспай ауылында өткізген. 2006 жылғы Жараспай жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі. 2009 жылдан бастап қоян-қолтық ұрыспен (рукопашный боймен) айналыса бастайды. ҚР үш дүркін чемпионы, Қазақстанның ММА бойынша екі дүркін чемпионы, Тайланд мемлекетінде өткен Азия чемпионатында күміс жүлдегер, Бангкок қаласында қоян-қолтық ұрысынан Халықаралық спорт шебері. ММА бойынша спорт шебері. Сонымен қатар үстіміздегі жылы 7 маусымда Ташкент қаласында «Юнусбад» спорт кешенінде өткен қоян - қолтық ұрысынан 92 кг салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанды. Отбасылы, бес баланың әкесі.

Кітапхананың кішкентай

мақсаттарымен бөлісіп, ағынан жарылған спортшыға жиылған оқырмандар да риза болып, Серік саңлақтың шынайылығы мен қарапайымдылығына тәнті болды. Серіктің өмірлік серігі Индира да - спорт әлемінде талай биіктерді бағындырған жан. Бенефис барысында Индира жан жары жайлы жылы лебіздерін білдірді.

Серіктің оқушы кезінде «Үміткер» ұйымының жетекшісі болған Алма Смаковна бала Серік туралы естеліктерімен бөлісіп, спортшыға ақжарма тілегін жеткізсе, мектеп ұжымы атынан жас ұстаз Әсем Беліспай спортшыға әдемі сұхбаты үшін алағысын айтып, жүрек жарды ықыласын білдірді.

Чемпионның өмірі мен спорттағы жолы жайлы көрме қойылып, слайд көрсетіліп, Ташкенттегі жеңісті сәтінен үзінді бейнеролик назарға ұсынылды. Шара соңында Серік Байтұрғанұлы жас өрендерге алға қойған мақсаттарына жету жолында төзімді, қажырлы болуға кеңес берді. Спортшы бенифисі Алма Смаковнаның орындауындағы «Атамекен» әнімен түйінделіп, оқушылар ағаларынан қолтаңба алып, естелікке суретке түсті.

Біз де өз тарапымыздан Жараспай жолбарысына ақ жол тілеп, қашанда ел мерейін асқақтататын рухты ерлер көп болғай демекпіз, біздегі тілек осы.

Балнұр Айтжанова
Жараспай ауылы